



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

РЕСМИ

Мұзда абай болыңыз!

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі қазақстандықтарға ресми үндеу жариялады.

Ведомство мәліметінше, құтқарушылардың жедел және үйлесімді іс-қимылының нәтижесінде 11 адам, соның ішінде, 7 бала ажал аузынан аман қалған. Министрлік азаматтарды жұқа мұзға шықпауға, сондай-ақ, су айдындарында қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырады. Бұл туралы Sputnik Қазақстан хабарлайды.

Ресми ақпаратта қыс маусымының мұз үстінде демалатындар мен балық аулаушылар үшін ерекше қауіп төндіретіні баса белгіленген. Осыған байланысты, өңірлердегі құтқару бөлімшелері жұқа мұздың қатерлі екенін түсіндіру және жазатайым жағдайлардың алдын алу мақсатында кең көлемді профилактикалық түсіндіру амалдарын жүргізуде. «Мұз» республикалық үгіт-насихат және профилактикалық акциясы аясында бүгінге дейін 6,5 мыңнан астам рейд пен патрульдеу ұйымдастырылып, 35 мыңнан астам азаматпен түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Бұдан бөлек, 12 мыңға жуық балықшыға қауіпсіздік нұсқаулығы берілген. Қауіпсіздік талаптарын сақтау – әр азаматтың жеке жауапкершілігі ғана емес, қоғамның ортақ міндеті. Қыс мезгіліндегі күн райының құбылмалылығы мен су айдындарындағы жасырын қатерлер адам өміріне төнетін тәуекелді тек еселей түседі. Ведомство тұрғындарды ауа райының өзгермелі жағдайына бейқам қарамауға, балаларды өз бетімен су айдындарына жібермеуге және төтенше жағдай туындаған жағдайда жедел қызметтердің 112 нөміріне хабарласуға шақырады.

Өз тілшімізден

ӨЗЕКТІ

Жасанды зерденің әдебиетке әсері

«Журналистерге мақаланы жасанды интеллект жазып береді» деген дақпырт желдей еседі. Бұл – шығармашыл адамның шамына тиетіндей сөз. Десе де, қай салада болсын ЖИ-ді пайдалануға шектеу болмағанымен, әр істің өз шама-шарқы, шегі бар. Ендеше журналистерге ЖИ пайдалануға бола ма, болмай ма? Біз осыны зерделеп көрдік.

Гүлнәр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ЖИ журналистің орнын баса ма?

Жасанды интеллект пен цифрлық технология медианың болмысын түбегейлі өзгертті. Жаһанды жаулаған ғаламтор құрылғаннан бері, ел мен жерді жалғап, жылдамдыққа жол ашса, енді одан да озық жасанды интеллект жалғанды жалпағынан басып озып барады.

Бүгінгі дәуірде шындыққа айналған жасанды интеллект медиасалаға қазірдің өзінде ықпал етіп отыр. Десе де, журналистиканың мәні мен мазмұны – журналистің өзі болып қала береді. Оның азаматтық үні мен жауапкершілігі қоғам үшін қашан да құнды.

Қазіргі уақытта ЖИ журналистикадағы кейбір мамандықтарды алмастыра бастағаны айтылып жүр. «Qazcontent» АҚ басқарма төрағасы Айна Задабектің айтуынша, мұндай мамандар қатарына қысқа жаңалықтар жазатын, спорт нәтижелерін, ауа райы болжамын, қаржылық есептерді жазатын контент жасаушы немесе жаңалық жазушылар кіреді. Сонымен қоса, аудармашы-журналистер, репортерлер және аналитикалық шолу жасаушылар, корректорлар да бар.



Коллажды жасаған Аурелия Кошпаева

ЖИ-дің аударма модельдері барған сайын дамып келеді. Нәтижесінде ЖИ-мен аударма жасауда еш кедергі жоқ. Орыс тілінен қазақ тіліне аударма жасайтын кейбір қосымшаларды мемлекеттік органдар да пайдалана бастаған. Спорттық шолулар, экономикалық есептер және қаржылық жаңалықтар саласында автоматтандырылған жүйелер адам күшін алмастырып, талдап, қысқа әрі түсінікті форматта ұсына алады. Тіпті, сандық интеллект орфографиялық және стилистикалық қателерді оңай түзете алады.

Алайда, ЖИ алмастыра алмайтын мамандар да бар. «Qazcontent»

АҚ басқарма төрағасы Айна Задабек оларды да атап береді. Қатарда зерттеуші-журналистер, сарапшы-журналистер мен креативті контент жасаушылар бар. Фактчекинг, терең зерттеу, эксклюзивті ақпараттарды талдау секілді күрделі үдерістерді ЖИ жасай алмайды. Сондай-ақ, құқықтық, моральдық, этикалық аспектілерді ЖИ әлі түсіне алмайтындықтан, мұнда адам факторы бірінші орында қала береді.

ЖИ-ден тартынбаған жөн

Адам істеп келген жұмысты

ЖИ-ге тапсырсаң, заматта жасап береді. Бәрінің көзі жеткен дүние бұл. Тіпті, ақылды жүйе адамның зердесінен асып түсіп, өзіне бағынбай кететіндей көрінеді кейде. Өйткені, сандық интеллект өз алдына дербес дүние болып алды. Өзіміз барып қатысқан «Astana Media Week» апталығында Euronews телеарнасының халықаралық тілшісі Денис Локтьев ChatGPT-дің 20 пайызға ғана қателесетінін айтқан еді.

– ChatGPT баспасөз-релиздерін адамнан жылдам дайындап береді, әрі сенімді сөйлейді, виртуалды журналист ретінде қызмет ете алады. Бірақ, қателесетін тұста-

рын аңғармай қалуыңыз кәдік. ChatGPT 20 пайызға қателеседі. Баспа, баспасөздердегі бет әрлеуші-дизайнерлерге келетін болсақ, ЖИ шын мәнінде, оларға техникалық жағынан көмектесе алады, күнделікті үдерістерді автоматтандырады. Бірақ шығармашылық жағына келгенде маманды алмастыра алмайды. Сондықтан шығармашылық, адамгершілік, шынайы көзқарас болашақта құнды болып қала бермек. Жасанды интеллект жаны жоқ, ал, біз жаны бар адамбыз.

► 2-бет

ТҮЙТКІЛ

Жастар неге жаза басады?

Болашағымыздың тұтқасын ұстайтын жас ұрпақтың жаза басуы – қоғам үшін қасірет. Былдың 11 айының қорытындысы бойынша аймақта кәмелетке толмағандар жасаған 94 қылмыстық дерек тіркелді. Бұл бір қарағанда айтарлықтай көрсеткіш емес сияқты. Жыл сайын жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың азаймай, керісінше өрши түсуі – қоғамдағы тәрбиелік олқылықтардың белгісі екенін аңғартады.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді» дегендей, құқық бұзушылыққа баратын жеткіншектердің арасында тұрмысы төмен де, жағдайы жақсы отбасынан шыққан балалар да бар. Түптеп келгенде, қылмыстың себебі тек тұрмыс деңгейінде емес, тәрбиенің сапасы мен ортаның ықпалында.

Облыстық полиция департаментінің қоғамдық қауіпсіздік басқармасының ювеналды полиция тобының ерекше тапсырмалар бойынша



Сурет: Polissak.kz/infoman

аға инспекторы, полиция подполковнигі Әсел Омарова жағдайдың күрделенуіне ең әуелі ата-аналық бақылаудың төмендігі себеп болып отырғанын айтады.

– Жасөспірімдердің қылмысқа баруының негізгі себебі – баланың қарусыз қалуы. Көп жағдайда ата-ана

баласының немен айналысатынын, кіммен араласатынын, қандай ортада жүргенін бақыламайды. Үйдегі түсіністік пен қолдаудың болмауы жеткіншекті сыртқы ықпалға әлсіз әрі әлжуаз етеді. Сондықтан, қиын жағдайдағы отбасылармен жұмысты күшейту, ата-ананың тәрбиеге деген

жауапкершілігін арттыру бүгінгі күннің ең басты міндеттерінің бірі, – дейді аға инспектор.

Әсел Бақытжанқызының айтуынша, кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстардың өзінде өңірде өсім байқалады.

► 3-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай	13 770,14
		12 ай	27 540,28
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай	6 141,30
		12 ай	12 282,60

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Каспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.